

QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY
MÁDENIET JÁNE SPORT MINISTRIGI
ARHIV ISTERI JÁNE QUJATTAMANY
BASQARÝ KOMITETI



КОМИТЕТ ПО ДЕЛАМ АРХИВОВ И
УПРАВЛЕНИЯ ДОКУМЕНТАЦИЕЙ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ULTTYQ
MEMLEKETTIK KITAP
PALATASY

НАЦИОНАЛЬНАЯ
ГОСУДАРСТВЕННАЯ КНИЖНАЯ
ПАЛАТА

050016, Almaty qalasy, Pýshkin kóshesi, 2
tel.: 397-61-15
e-mail: kitappalatasy@gmail.com
http://www.kitap-palatasy.kz

050016, город Алматы, ул. Пушкина, 2
тел.: 397-61-15
e-mail: kitappalatasy@gmail.com
http://www.kitap-palatasy.kz

№ _____

«_____» _____ 202 ж.

**Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті**

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінде, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрінің 2021 жылғы 05 қарашадағы №345 бұйрығын орындау мақсатында, «ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы» РММ (бұдан әрі-Кітап палатасы) 2021 жылғы 25 қарашадағы № 49 т/қ бұйрығымен, Кітап палатасының құрылымдық бөлімшелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін, құрамында 5(бес) қызметкер бар Жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес 2021 жылғы 25 қарашадан 03 желтоқсанға дейінгі кезеңде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылды: мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; мекеменің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау объектілері:

1.Бухгалтерия.

2.Әкімшілік бөлімі:

- мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, шарттар жасасу;
- кадр қызметі, персоналмен жұмыс жасау;
- жұртшылықпен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс, кездесулер, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізу.

3.Кітаптардың стандартты нөмірлеу белгілерін (ISBN,) штрих-кодтарды, ӘОЖ, ББК беру.

Өткізу нәтижелері бойынша Кітап палатасынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмағаны туралы ақпаратты қамтитын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдармен бірге Аналитикалық анықтама (қоса беріледі) дайындалды.

Аналитикалық анықтама Кітап палатасының ресми сайтында www.kitar-palatasy.kz 5(бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

**«ҚР Ұлттық мемлекеттік
Кітап палатасы» РММ
Директоры**

Койтанов А.К.